

## Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 2572-XII Заңы.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен ауыстырылды - ҚР 20.12.2004 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді) Заңымен.

### РҚАО-ның ескертпесі!

Ескерту. Бұқіл мәтін бойынша "поселке", "поселкелер", "поселкелерге", "поселкелері", "поселкелерді", "поселкелердің" деген сөздер тиісінше "кент", "кенттер", "кенттерге", "кенттері", "кенттерді", "кенттердің" деген сөздермен; "ауыл (село)", "ауылдық (селолық)", "ауылдардың (селолардың)", "ауылдарды (селоларды)", "ауылдар (селолар)", "ауылдарға (селоларға)" деген сөздер тиісінше "ауыл", "ауылдық", "ауылдардың", "ауылдарды", "ауылдар", "ауылдарға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### 1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылышының жүйесі

Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылышының жүйесіне мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

#### 2-бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің санаттары

1. Қазақстан Республикасының аумағы респубикалық және жергілікті мүдделерді оңтайлы ұштастыру негізінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру үшін негізгі екі санатқа – өнірлерге және елді мекендерге бөлінеді.

2. Өнір – Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, бірнеше елді мекен кіretін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Респубикалық әкімшілік-аумақтық құрылыштың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ өнірлер болып табылады.

Облыс облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардан тұрады.

Аудан халқының жалпы саны 300 мың адамнан аспайтын аудандық маңызы бар қалалардан, ауылдардан, кенттерден, ауылдық округтерден тұрады.

Ауылдық округ халқының жалпы саны кемінде 500 адам болатын екі және одан көп ауылдық елді мекендерден тұрады.

3. Елді мекен – Қазақстан Республикасы аумағының халық жинақы орналасқан, халық саны кемінде 50 адам болатын, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен есепке алынған және тіркелген әрі жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі.

Халқының саны 50 адамнан аз шаруа қоныстары мен өзге де қоныстар ең жақын мандағы елді мекеннің құрамына енгізіледі.

4. Қазақстан Республикасы аумағындағы елді мекендер қалалық және ауылдық елді мекендерге бөлінеді:

- 1) респубикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстырылғындағы кенттер қалалық елді мекендерге жатады;
- 2) өздерінің әкімшілік бағыныстырылғына қарамастан, барлық басқа елді мекендер ауылдық елді мекендерге жатады.

5. Елді мекендердің құрамдас бөліктері болады.

Шағын аудандар, қаладағы аудандар, алаңдар, даңғылдар, бульварлар, көшелер, тұбық көшелер, саябақтар, скверлер, көпірлер және басқа да бөліктер елді мекендердің құрамдас бөліктері болып табылады.

Облыстық маңызы бар қаладағы, респубикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан қаладағы аудан болып табылады. Облыстық маңызы бар қаладағы, респубикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан олардағы халық саны 400 мың адамнан асқан кезде құрылады. Қаладағы аудан халқының саны 200 мың адамнан кем болмауға тиіс.

**Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда – КР 30.06.2021 № 60-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

### **3-бап. Елді мекендердің санаттары**

Елді мекендер мыналарға бөлінеді:

- 1) респубикалық маңызы бар қалалар, оларға ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе халқының саны бір миллион адамнан асатын елді мекендер жатады;
- 2) облыстық маңызы бар қалалар, оларға ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер жатады;
- 3) аудандық маңызы бар қалалар, оларға аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау үйімдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер жатады;
- 4) кенттер, оларға халқының саны кемінде 3 мың адам болатын елді мекендер жатады.

Халық саны кемінде 2 мың болатын, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге тенестіріледі. Оларға азаматтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады;

5) ауылдар – халқының саны кемінде 50 адам болатын елді мекендер.

**Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.06.2021 № 60-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
Заңымен.

#### **4-бап. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгендерден өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.04.2009 № 154-IV Заңымен.**

**5-бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру, тарату, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту, оларға ат қою және олардың атын өзгерту туралы шешімдер қабылдайтын органдар**

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі, жергілікті өкілді және атқарушы органдар өз өкілеттіктері шегінде әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру және тарату, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту, оларға ат қою мен олардың атын өзгерту туралы шешімдер қабылдайды.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар өз өкілеттіктері шегінде Республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға атаулар беру, оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту және жеке адамдардың есімдерін беру туралы шешімдер қабылдайды.

**Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 19.12.1995 № 2691**

**Жарлығымен; ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**6-бап. Облыстар мен аудандарға, қалаларға ат қою мен олардың аттарын өзгертуге байланысты шығындар**

Облыстарға, аудандарға, қалаларға ат қою мен олардың аттарын өзгертуге байланысты шығындар бюджет қаражаты есебінен жұмсалады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 20.12.2004 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**7-бап. Ономастика комиссиялары**

Ономастика комиссиялары Қазақстан Республикасының аумағындағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне, әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік занды тұлғаларға, мемлекет қатысатын занды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау жөніндегі жұмысты ретке келтіру мақсатында құрылады.

Үәкілетті органның жанынан Республикалық ономастика комиссиясы, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жанынан тиісінше облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиялары құрылады.

**Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - КР 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**8-бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктерді есепке алу мен тіркеу, оларды есепті деректерден шығару**

Тұрақты халқының саны елу адамнан асатын және дербес елді мекендер деп саналатын қоныстар есепке алғынады және тіркелуге жатады.

Қызметтік мақсаттағы объектілер болып табылатын жалғыз үйлер, фермалар, қоныстар (орманшылардың, жол қараушылардың, жол шеберлерінің үйлері, зайымкелер, қыстаулар, дала қостары, метеостансалар және т.б.) әкімшілік немесе аумақтық тұрғыдан байланысты елді мекендер құрамында есепке алғынады.

Қалалардың, кенттердің немесе ауылдардың құрамына енгізілген және олардың бір бөлігіне айналған елді мекендер, сондай-ақ тұрғындарының бәрі кетіп қалған немесе қоныс аударған қоныстар дербес әкімшілік-аумақтық бірліктер мәртебесінен айырылады және есепті деректерден шығарылады.

**Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - КР 20.12.2004 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді) Заңымен.**

## **2 бөлім. ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРИН ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРГАНДАРДЫҢ ӨКІЛЕТТЕКТЕРИ**

**9-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері**

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша және жергілікті өкілді және атқарушы органдардың пікірін ескере отырып:

1) облыстар мен аудандарды құрады және таратады, олардың әкімшілік орталықтарын белгілейді және көшіреді;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) елді мекендерді республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың санаттарына жатқызады, олардың бағыныстылығын белгілейді және өзгерtedі;

4) облыстарға, аудандар мен қалаларға ат қою және олардың атын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту мәселелерін шешеді;

4-1) республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларды өзге елді мекендер етіп қайта құру жөнінде шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЕскеRTУ. 9-бап жаңа редакцияда - КР Президентінің 19.12.1995 № 2691 Жарлығымен, өзгерістер енгізілді - КР 05.07.2011 № 452-IV (13.10.2011 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2017 № 86-VI (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 12.12.2020 № 383-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзығы

ЕскеRTУ. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - КР 05.07.2011 № 452-IV (13.10.2011 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне облыстар мен аудандарды құру және тарату, олардың әкімшілік орталықтарын белгілеу және өзгерту туралы ұсынулар енгізеді;

1-1) облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың шекарасын белгілейді және өзгерtedі;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне елді мекендерді республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың категорияларына жатқызу, олардың бағыныстылығын белгілеу және өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

2-1) Қазақстан Республикасының Президентіне республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларды өзге елді мекендер етіп қайта құру туралы ұсыну енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да

объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру қағидаларын бекітеді;

4) Республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының, оның жергілікті өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президентіне облыстарға, аудандарға, қалаларға атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

4-1) Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол станцияларына, метрополитен станцияларына, автовокзалдарға, автостанцияларға, физикалық-географиялық және мемлекеттік меншіктің басқа да объектілеріне атау беру туралы шешім қабылдайды;

5) <\*>

6) өзіне Конституцияда, осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 19.12.1995 № 2691 Жарлығымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 20.12.2004 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді); 05.07.2011 № 452-IV (13.10.2011 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 12.12.2020 № 383-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **З бөлім. ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ӘКІМШІЛК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТЕКТЕРІ**

#### **11-бап. Облыстық өкілді және атқарушы органдардың өкілеттіктері**

Облыстық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімімен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыстық шекарасын өзгерту туралы, облыс аудандарын құру және тарату, олардың әкімшілік орталықтарын белгілеу және көшіру туралы, елді мекендерді республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың категорияларына жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу бойынша облыстық маңызы бар қалалардың шекараларын белгілейді және өзгертеді; облыс аудандарының, аудандық

маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің шекараларын белгілейді және өзгертеді, кенттерді, ауылдарды бір ауданнан екінші ауданға немесе қалалық билік органдарының әкімшілік бағынысына беру туралы мәселелерді шешеді;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, қала емес елді мекендерді осы Заңмен белгіленген басқа елді мекендердің категорияларына жатқызады; кенттерді, ауылдарды, ауылдық округтерді құрады, таратады және қайта құрады, сондай-ақ олардың бағыныстырығын өзгертеді;

3-1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыстық және аудандық маңызы бар қалаларды өзге елді мекендер етіп қайта құру туралы ұсыныстар енгізеді;

4) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсынуы бойынша Республикалық ономастика комиссиясымен келісілген облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді;

4-1) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде облыстық маңызы бар қалалардың қаладағы аудандарына, құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді;

4-2) Республикалық ономастика комиссиясының қарауына әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, метрополiten стансаларына, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік занды тұлғаларға, мемлекет қатысатын занды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті өкілді және атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық атқарушы органдар аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстардың шекараларындағы қазіргі және жаңадан құрылатын әкімшілік-аумақтың бірліктер мен жекелеген елді мекендерді есепке алады және тіркейді, сондай-ақ оларды есепті деректерден шығарады.

**Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 19.12.1995 № 2691 Жарлығымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 20.12.2004 № 13 (01.01.2005 бастап қүшіне енеді), 05.07.2011 № 452-IV (13.10.2011 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2020 № 383-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

30.06.2021 № 60-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **12-бап. Аудандық өкілді және атқарушы органдардың өкілеттіктері**

Аудандық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімімен:

1) облыстық өкілді және атқарушы органдарына елді мекендерді аудандық маңызы бар қалалардың категорияларына жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;

2) облыстық өкілді және атқарушы органдарға елді мекендерді кенттер немесе ауылдар категорияларына жатқызу туралы; кенттерді немесе ауылдарды құру немесе қайта құру, олардың бағыныстылығын өзгерту, оларды есепке алу және тіркеу туралы ұсыныстар енгізеді;

3) кенттер мен ауылдардың басқару органдарының пікірін ескере отырып, осы елді мекендердің шекараларын белгілейді және өзгертеді;

4) облыстық өкілді және атқарушы органдарға аудандардың ауылдық округтердің шекараларын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

5) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, облыстық өкілді және атқарушы органдарға кенттерге, ауылдық округтерге, ауылдарға атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

5-1) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Республикалық ономастика комиссиясымен келісілген облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде аудандық маңызы бар қаланың құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді;

6) <\*>

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті өкілді және атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық атқарушы органдар аудан шекараларындағы қазіргі және жаңадан құрылатын елді мекендерді есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды есепті деректерден шығарады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 20.12.2004 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді); 09.02.2009 № 126-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.07.2011 № 452-IV (13.10.2011 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 60-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **13-бап. Қалалық өкілді және атқарушы органдардың өкілеттіктері**

Қалалық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімімен:

1) облыстық өкілді және атқарушы органдарға қалаларды республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар категорияларға жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;

2) облыстық өкілді және атқарушы органдарына, ал республикалық маңызы бар қалалардың, астананың өкілді және атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Үкіметіне қалалар шекараларын өзгерту жөнінде, соның ішінде олардың құрамына жеке елді мекендерді енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

3) қаладағы аудандарды құрады және таратады, олардың шекараларын белгілейді және өзгертеді;

4) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдары:

тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Республикалық ономастика комиссиясымен келісілген республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қаладағы аудандарына, құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді;

Республикалық ономастика комиссиясының қарауына әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, метрополитен стансаларына, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4-1) облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдары:

кенттер мен ауылдардың басқару органдарының пікірін ескере отырып, осы елді мекендердің шекараларын белгілейді және өзгертеді;

облыстық өкілді және атқарушы органдарға ауылдық округтердің шекараларын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, облыстық өкілді және атқарушы органдарға ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

5) қаладағы аудандардың, аландардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, түйік көшелердің, саябақтардың, скверлердің, көпірлердің және қаланың басқа да құрамды бөліктерінің атауы және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті өкілді және атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 19.12.1995 № 2691 Жарлығымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 20.12.2004 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді); 05.07.2011 № 452-IV (13.10.2011 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін ұш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 60-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **14-бап. Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктері**

Ескерту. 14-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 12.12.2020 № 383-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Аудандық маңызы бар қала әкімі аудандық өкілді және атқарушы органдарға аудандық маңызы бар қаланы кент, ауыл санатына жатқызу туралы ұсыныс енгізеді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қала) өкілді және атқарушы органдарға осы елді мекендерді аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар санаттарына жатқызу туралы, оларды тарату және қайта құру туралы ұсыныстар енгізеді;

2) тиісті елді мекен халқының пікірін ескере отырып, аудандық (облыстық маңызы бар қала) өкілді және атқарушы органдарға кенттерге, ауылдық округтерге, ауылдарға атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) өкілді және атқарушы органдарға кенттердің, ауылдық округтердің, ауылдардың шекараларын белгілеу және өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

4) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Республикалық ономастика комиссиясымен келісілген облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде осы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 19.12.1995 № 2691 Жарлығымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 09.02.2009 № 126-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін ұш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2020 № 383-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 60-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**14-1-бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктегін атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру**

1. Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктегін атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеруді жергілікті атқарушы органдар ономастика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.

2. Тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қорытындылары бойынша жергілікті өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешіммен әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктегін атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі ұсыныстарды тиісті ономастика комиссияларының қарауына енгізеді.

**Ескерту. 3-бөлім 14-1-баппен толықтырылды - КР 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **14-2-бап. Елді мекендердің санаттарын өзгерту тәртібі**

1. Қала мәртебесін өзгерту бес жыл ішінде осы Заңның 3-бабының 1), 2) және 3) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда жүзеге асырылады

2. Ауыл, кент мәртебесін өзгерту үш жыл ішінде осы Заңның 3-бабының 4) және 5) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда жүзеге асырылады

3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, үш жыл ішінде осы Заңның 2-бабының 2-тармағы бесінші бөлігінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда ауылдық округ таратылады, ал оның ауылдық елді мекендері жақын мандағы ауылдық округтерге немесе өзге де елді мекендерге қосылады.

4. Елді мекеннің санатын өзгерту рәсімі осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-бөлім 14-2-баппен толықтырылды – КР 30.06.2021 № 60-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **4 бөлім. ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРИН ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР**

**15-бап. Аймақтық деңгейде әкімшілік-аумақтық құрылыш мәселелерін шешу үшін қажетті құжаттар мен материалдардың тізбегі**

Аймақтық деңгейде әкімшілік-аумақтық құрылыш мәселелерін шешу үшін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі немесе облыстық өкілді және атқарушы органдардың мәселені өз мәнісінде шешетін (бірлескен) ұсынымы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің енгізілетін ұсыныс жөніндегі тиісті өтініші және оның тиімді екендігінің негіздемесі, өзгерілетін аумақтың көлемі, онда тұратын халықтың саны туралы мәліметтер, негізгі заңды тұлғалардың тізбесі, олардың өндірістік көрсеткіштері, бұлардың әрқайсысында істейтін жұмысшылардың саны, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құрылымы мен штаттары туралы, қайта үйымдастыруға байланысты олардың өзгеруі туралы мәселені өз мәнісінде шешу үшін қажетті барлық басқа мәліметтері бар ұсынымы;

3) жергілікті (облыстық, аудандық, қалалық) өкілді және атқарушы органдардың, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің қаралатын мәселе жөніндегі ұсыныстары;

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің жаңа шекаралары, мәселені өз мәнісінде шешу үшін маңызы бар өзге де жағырапиялық деректер көрсетілген схемалық карта қажет. Картага Үкіметінің өкілі, сондай-ақ аумақтық қабылдайтын және беретін өкілді және атқарушы органдардың басшылары қол қояды, қойылған қолдар мөрмен күеландырылады;

5) жүргізілетін қайта құрулар мен аттарын өзгерту жөніндегі ғылыми сараптаманың актісі және экономикалық есеп-қисап қажет.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 19.12.1995 № 2691 Жарлығымен; 09.02.2009 № 126-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 21.01.2013 № 72-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

**16-бап. Аумақтар шегінде әкімшілік-аумақтық құрылым мәселелерін шешу үшін қажетті құжаттар мен материалдардың тізбесі**

Өнір шегінде әкімшілік-аумақтық құрылым мәселелерін шешу үшін мыналар қажет:

1) мәселені өз мәнісінде шешетін өкілді және атқарушы органдардың бірлескен қаулысы;

2) жергілікті қоғамдастық жиыннының шешілетін мәселенің мәніне қатысты хаттамалары;

3) енгізілетін ұсыныс тиімділігінің негіздемесі, өзгерілетін аумақ, оның халқының саны туралы мәліметтер, елді мекендердің өнеркәсіптік және басқа да объектілердің тізбесі, сондай-ақ мәселені өз мәнісінде шешу үшін қажетті барлық басқа мәліметтері бар түсіндірме жазбаша хат;

4) елді мекендердің жаңа шекаралары және мәселені өз мәнісінде шешу үшін маңызы бар өзге де жағырапиялық деректері көрсетілген схемалық карта. Картага өзгерілетін аумақтың өкілді және атқарушы органдарының басшылары қол қояды;

5) жүргізілетін қайта құрулар мен аттарын өзгерту жөніндегі ғылыми сараптаманың актісі және экономикалық есеп-қисап.

Осы Заңның 3-бабының 4) және 5) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін елді мекендер таратылған кезде ғылыми сараптама актісін ұсыну талап етілмейді.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.06.2021 № 60-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**Заңымен.**

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК